

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ

ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

**ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ, ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ
КАФЕДРАСЫ**

Бекітілді

Тарих факультетінің Ғылыми кеңесінде

Хаттама No 2 «28 қыркүйек 2025 ж.»

Факультет деканы _____ Байгунаков Д.С

**«6B02211-Этнология және антропология», «6B02210 - Археология»
білім беру бағдарламасы бойынша «74168- Дүниежүзілік тарих»
пәнінің қорытынды бақылау бағдарламасы
көктемгі семестр, 3 - курс.**

Алматы, 2025

Бағдарлама оқу жұмыс жоспары және «6B02211 Этнология және антропология»
«6B02210 - Археология» білім беру бағдарламаларының пәндер каталогы
негізінде жасалды.

Бағдарламаны дайындаған дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану
кафедрасының т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Т.Н. Мухажанова

Бағдарлама дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының
мәжілісінде бекітілді. 27.09.2025 г., хаттама №1

Кафедра меңгерушісі ____Р.С. Мырзабекова

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрағасы
05.09.2025 ж., хаттама №1

Бижанова М.Т.

Кіріспе

«Дүниежүзілік тарих» пәні бойынша қорытынды бақылау бағдарламасы

ЖАЗБАША ЕМТИХАН: СТАНДАРТТЫ-СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР (офлайн).

1. Жазбаша емтихан - емтихан кестесіне сай студент дәстүрлі түрде жасалатын емтихан билетінің сұрақтарына жауап парақтарын толтыру арқылы емтиханды офлайн (аудиторияда) тапсырады.
2. Студенттің жазбаша емтихан тапсыру процесі студенттің аудиторияда жазбаша түрде емтихан тапсыруды көздейді, жауап парақтарына мәтінді жазу арқылы жазбаша жауап қалыптастыру қажет.
3. Жазбаша емтихан өткізілетін аудиторияға тек жеке басын куәландыратын құжат бойынша кіруге рұқсат етіледі. Емтихандарды өткізу рәсіміне қатыспайтын адамдардың тіркеу бөлімі бастығының жазбаша рұқсатынсыз болуына жол берілмейді.
4. Кезекші оқытушы жеке басын куәландыратын құжатты келу парағымен салыстырып тексереді. Пән бойынша 50% - дан кем рейтинг-рұқсаты бар студент жазбаша емтихан тапсыруға жіберілмейді.
5. Кешіккен студенттер емтиханға жіберілмейді.
6. Жазбаша емтиханның басталу және аяқталу уақыты тақтаға жазылады.
7. Телефонмен шпоргалкалар қолдануға және кез-келген алдау әрекеттерін жасауға болмайды.
8. Жазбаша емтихан кезінде білім алушылардың емтихан билеттерінің мазмұны бойынша сұрақтары қаралмайды.
9. Білім алушы емтиханға қатысудан шеттетілген жағдайда жауап парағы диагональ бойынша сызып өту жолымен өтеледі, емтихан өткізу хаттамасында "бұзғаны үшін жойылды" деген белгі қойылады.
10. Кезекші оқытушы, егер білім алушылар жұмысты белгіленген мерзімнен бұрын орындаса, жазбаша тапсырманы орындауға бөлінген уақыт өткенге дейін емтихан материалдарын қабылдай алады.
11. Қабылданған емтихан материалдары қайта есептеледі және пакеттерге мөрленеді және жазбаша емтихандарды өткізудің келу парағымен бірге тіркеу басқармасына беріледі.
12. Пән оқытушысы емтихан жұмыстарының жауаптарын арнайы бағалау комиссиясы тексеріп, бағалайды
13. Қорытынды бақылау нәтижелерімен келіспеген жағдайда апелляциялық шағым жазыңыз.

Емтихан тапсырмалары құрастырылатын тақырыптар:

Дүниежүзі тарихы, ежелгі дәуірден, антикалық кезеңнен бастап, қазіргі кезеңге дейінгі әлем тарихындағы өзекті оқиғаларды талдау: Әлем елдерінің өзекті мәселелері (кезеңдеу, тарихнамасы, деректер). Халықтардың Ұлы қоныс аударулары кезеңіндегі халықаралық қатынастар. Кейінгі Рим империясының сыртқы саясатындағы тәсілдер мен формалардың өзгеруі. Федераттық келісім шарттың мазмұны. Вестгот, Остгот, Ванда, Франк корольдықтарының халықаралық қатынастары. Юстинианның сыртқы саясаты. Ертеортағасырлық Еуропа тарихындағы араб мәселесін қарастыру. Варварлық мемлекеттер және Византия. V-X ғғ. Пиреней түбегі халықтарының сыртқы саясаты мен дипломатиясы.

X-XI ғғ. Батыс Еуропадағы халықаралық қатынастар: Папалықтың халықаралық жағдайы және Франк мемлекетімен қатынасы. X-XI ғғ. Батыс Еуропадағы халықаралық қатынастарға анализ жасау. Ортағасырда халықаралық қатынастардағы династиялық принцип. Крест жорықтары, олардың халықаралық қатынастардағы рөлі мен мәнін қарастыру. Ортағасырлық Батыс Еуропадағы некелік дипломатия. Ұлттық мемлекеттердің қалыптасуын қарастыру.

XII-XVI ғғ. Батыс Еуропадағы халықаралық қатынастар: Батыс Еуропада халықаралық қатынастардағы конфессионалдық принцип. Халықаралық қатынастардағы жүйеліліктің негізі ретінде Еуропадағы ұлттық консолидация процесстері. XII-XVI ғғ. Батыс Еуропадағы халықаралық атынастар. XII-XVI ғғ. халықаралық қатынастардағы Француз мемлекетін қарастыру. Феодалдық дағдарыс кезіндегі дипломатия. XII-XVI ғғ. Ағылшын мемлекетінің халықаралық қатынастарын ашып көрсету. Дамыған феодализм кезеңіндегі Англияның агрессиялық сыртқы саясатының себептерін көрсету.

Орталықтанған мемлекеттердің құрылуы: Еуропада орталықтанған мемлекеттердің құрылуы. XII-XV

ғғ. Пириней түбегі халықаралық қатынастарын ашып көрсету. Варварлық корольдықтарда халықаралық қатынастарды жүзеге асырудың механизмі. Юстиниана I сыртқы саясаты. Никея империясының халықаралық жағдайы. Филипп II Августтың сыртқы саясаты. Византийская дипломатия в XIV-XV ғғ. Византия дипломатиясы.

XVII ғ. орыс дипломатиялық қызметі. Жүзжылдық соғыс. Италияндық соғыстар.

XVI-XVII ғғ. қарым-қатынастар: XVI ғ. халықаралық қатынастар тарихы. Реформация кезеңіндегі соғыстар. XIII-XV ғғ. екінші жартысындағы халықаралық қатынастар жүйесінде Византияға мінездеме беру. 30-жылдық соғыс. XVII ғ. халықаралық қатынастар және дипломатия. Жаңа және Ескі дүниедегі халықаралық қатынастар мәселесін және халықаралық қатынастардың жаһандық жүйесінің қалыптасуын қарастыру. XVI-XVIII ғғ. дипломатия және дипломатиялық органдар. XVI-XVII ғғ. дипломатия мен дипломатиялық органдарға жалпы мінездеме беру. Герман мемлекеттері мен Осман империясының арасындағы байланыстарды құжаттар негізінде сипаттау.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Әдебиет:

Росс Данн, Лора Митчелл. Panorama: Дүниежүзі тарихы, 1-кітап. McGraw-Hill Education, 2015. Тілі: ағылшын

Рос Данн, Лора Митчелл. Panorama: Дүниежүзі тарихы, 2-кітап. McGraw-Hill Education, 2015. ISBN-10: 0073407046 ISBN-13: 978-0073407043. Тілі: ағылшын

Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. Тарихи білім тарихы. «Издательство Юрайт», 2016. ISBN: 978-5-99-16-5023-6

Мырзабекова Р.С. Кейінгі орта ғасырлар тарихы. Алматы, «Қазақ университеті» 2007.

Мырзабекова Р.С. Кейінгі орта ғасырлар тарихы және капитализм генезисі мәселелері. Алматы, «Қазақ университеті» 2003.

Мырзабекова Р.С., Жұмағұлов Қ.Т. Орта ғасырлар тарихының терминдері. Алматы, «Қазақ университеті» 2016

Жұмағұлов Қ.Т., Мырзабекова Р.С. Орта ғасырлар тарихы. Алматы, «Қазақ университеті» 2014

Жұмағұлов Қ.Т., Мырзабекова Р.С., Беделова Г.С. Хрестоматия по истории средних веков. Алматы, «Қазақ университеті» 2016

Мырзабекова Р.С. Әлем өркениеттерінің тарихы. Алматы, «Қазақ университеті» 2017

Интернет ресурс: <https://www.youtube.com/watch?v=Ukfps-UWkYI>

Васильев, Л.С. Всеобщая история. В 6-и т. Т. 4. Новое время (XIX в.): Учебное пособие / Л.С. Васильев. - М.: КДУ, 2016. - 680 с.

Родригес А.М., Пономарев М.В. Новая История стран Европы и Америки Ч.3 XVI-XIX века. - М.: Владос, 2021. - 621 с. Всемирная история [Электронный ресурс]: учебник для студентов вузов / Г. Б. Поляк, А. Н. Маркова, И. А. Андреева [и др.]; под ред. Г. Б. Поляк, А. Н. Маркова. — Электрон. текстовые данные. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2017. — 888 с. - Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/71211.html>

Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы. 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы. Oxford University Press. -2014. 352 б.

Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы. 4-том. Қазіргі заман философиясы. Oxford University Press. -2008. 364 б.

Қосымша

1. Алексеев, С. В. Всемирная история с древнейших времен до начала XX века [Электронный ресурс]: курс лекций / С. В. Алексеев, О. И. Елисеева. - М. : Московский гуманитарный университет, 2016. — 240 с. - Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/74715.html>

2. Евдокимова, Т.В. Новейшая история зарубежных стран [Электронный ресурс]: учебнометодическое пособие / Т.В. Евдокимова. - Волгоград: Волгоградский государственный социально-педагогический университет, «Перемена», 2018. — 134 с. - Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/80588.html>

3. История мировых цивилизаций [Электронный ресурс]: учебник / Р.Г. Мумладзе [и др.]. - М. : Русайнс, 2016. - 334 с. - Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/61616.html> Политическая история середины XIX в.–1917 / под ред. В. А. Кувшиновой. – М., 1992.

Онлайн материалдар: NNICEАбойынша қосымша оқу материалдарын univer.kaznu.kz сайтындағы УМКД бөлімінен табасыз.

Зерттеушілік инфрақұрылымы

1. Тарих факультеті жанындағы «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығы»;

2. Алматы қаласының жалпы білім беретін мектептері мен гимназиялары (№ 138; 140; 146; т.б.);

Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы

1. Әл-Фараби кітапханасы;

2. Ұлттық кітапхана;

Интернет-ресурстар

Интернет ресурстар:

1. Всемирная история. Единое научно-образовательное пространство» - <http://worldhist.ru/links/315/>

2. «Исторический портал Historic.Ru» - <http://historic.ru/>

3. «Исторический портал» - <http://history.perm.ru/>
4. «История в датах» - <http://historyevent.ru/>
5. «История миров» - <http://www.historyworlds.ru/>
6. «Хронос» - <http://www.hrono.ru/>
7. «Электронная библиотека исторической литературы» - <http://rikonti-khalsivar.narod.ru/>
8. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
9. <https://dspace.tltsu.ru/bitstream>
10. <https://clar.urfu.ru/bitstream>
11. <https://openu.kz/kz>.

«Дүниежүзілік тарих» пәні бойынша қорытынды емтиханды бағалау рубрикаторы СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША (ОФЛАЙН)

	ДЕСКРИПТОРЛАР			
	1 сұрақ максималды балл – 30 балл			
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
	27–30 балл	20–26 балл	14–19 балл	0–13 балл
1-ші сұрақ Пәннің теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну 30 балл	«Өте жақсы» барлық бағасы үш сұрақтың толық ашылуын, әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелдерін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтарда өткен тақырыптардың мысалдарымен көрсетілген жауап үшін қойылады.	«Жақсы» бағасы барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелерді толық қамтылмаған, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдері көрсетілген жауап үшін қойылады, материалды жеткізудің қисыны мен дәйектілігінде кемшіліктің жіберілуі мүмкін. Жауапта кейбір стилистикалық қателіктер жіберілуі, терминдер дұрыс қолданылмауы мүмкін.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ережелерді үстіртін дәлелдейді, мәлімдеп жазу барысында материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардың әзірленген конспектілерінің мысалдары негізінде сипаттамайды.	Ұғымдарды шатастырады, теориялық түсінігі жоқ.
2-сұрақ	27–30 балл	20–26 балл	14–19 балл	0–13 балл
2 сұрақ максималды балл – 30 балл				
2-ші сұрақ Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану 30 балл	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа дәлелді беру, практикалық мәселелерін шешу; толық, жауап пәннің	Оқу тапсырмасын ішінара орындау пәннің практикалық міндеттерін толық шешпеу, қойылған сұраққа толық емес, бірақ дәлелді жауап беру; пән бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыздау пайдалану;	Материалды үзік-үзік жеткізіледі, қисын мен дәйектілік бұзылады, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, пәннің теориялық білімі үстірт, біржақты қолданылады.	Тапсырманы шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытындылар жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізудің ережелерін бұзу.
3-сұрақ	35–40 балл	25–34 балл	15–24 балл	0–14 балл
2 сұрақ максималды балл – 40 балл				
3-ші сұрақ Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі 40 балл	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу; сұрақ тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу; қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау, дегенмен тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кіші-гірім қателіктерге жол беріледі, тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді. Өз ойларын, идеяларын, пайымдауларын мазмұндап, оларды нақты негіздей алмауы да ескеріледі.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Нақты фактілерді, ақпараттарды және олардың сипаттамасын білмеу және көрсетпеген. Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлық сыз»	
	90-100 % (27-30 балл)	70-89 % (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
1-ші сұрақ Пәннің теориясы мен тұжырымдама сын білу және түсіну 30 балл	Студент бірінші сұраққа қатысты терминологиялық аппаратын мәнің ашу, теориялық зерттеулерге талдау жасап, мысалдар келтіре отырып толық жауаптар берілген; Жауаптар сауатты ғылыми тілде баяндалған, барлық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған	Сұрақтарға тұтастай дұрыс жауаптар берілді, бірақ принципті емес жеке дәлсіздіктер жіберілген. Курстың барлық бірдей терминдері дұрыс қолданылмайды, жеке қате мәлімдемелер және презентацияда грамматикалық / стилистикалық қателіктері бар. Жауаптар мысалдармен дұрыс көрсетілмеген.	Сұрақтарға жауаптар үзік үзік түрде, дұрыс тұжырымдар мен қате тұжырымдар аралас. Тақырыпты толық ашу үшін курстың қажетті мазмұндық блоктары қамтылмайды. Студент жалпы оқу курсының тақырыбына назар аударарды, бірақ нақты мәселелерді ашуда қиындықтарға тап болады.	Жауаптар сұрақтардың мазмұнына сәйкес келмейді. Оқу курсы үшін сұрақтардағы негізгі ұғымдар қате түсіндіріледі.	Сұрақтарға жауаптар жоқ; студент оқу материалын ың көп немесе маңызды бөлігін білмейді немесе түсінбейді. Қорытынды бақылау жүргізу ережелері бұзылған жағдайда.
2-ші сұрақ Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану 30 балл	Курстың технологиясы мен методологиясы білім алушыларды даярлау бағытының ерекшелігін ескере отырып, терең мағынада қолданылады; ғылыми ұғымдар қойылған тапсырмаға еркін қолданылады, содан кейін негізгі проблеманы логикалық	Курстың әдіснамасы мен студенттің алған білімі әлсіз интеграцияланған және емтихан билетінде ұсынылған нақты практикалық тапсырмаларды шешуге бейімделген. Білім алушы жауаптары әлсіз құрылымдалған, жауапта маңызды емес нақты қателер бар,	Курстың құралдары үстірт қолданылады, мазмұны аз, жауапта нақты емес, презентация логикасы бұзылған, ұсынылған материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік жоқ.	Пәннің маңызды бөлігін дұрыс қолданбайды, студент өз бетінше түзете алмайтын елеулі нақты қателіктер жібереді, емтихан мазмұны бойынша қосымша сұрақтардың көпшілігіне білім алушыға жауап беру қиынға соғады немесе дұрыс жауап бермейді.	Тапсырманы шешу және курсты түсіндіру үшін білімді қолдана алмау; жауап беру кезінде (бір сұраққа) 3-4-тен астам өрескел қателіктер жібереді, оны тіпті мұғалімнің көмегімен түзете алмайды; материалды толық игермеген. Қорытынды бақылау жүргізу қағидалары бұзу.

	және дәлелді түрде ашады;	оларды өздігінен түзете алады;			
3-ші сұрақ Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі 40 балл	Белгілі бір тақырып бойынша әдістер мен технологияларды интеграциялау, негіздеу және талдау, жауапты құрылымдау, емтихан билеті мәселесі бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 5 ережесін талдау қабілетінің болуы, жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдар мен, оның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен суреттеледі; диалог жүргізу және ғылыми пікірталасқа түсу қабілетін көрсетеді.	Курстың әдістері мен технологияларын қолдануды интеграциялау және талдау, білімді жаңғырту кезінде елеусіз қателіктер жібере отырып, ғылыми ұғымдарды қолдану арқылы өз ойларын бекіту үшін көрнекі материалдарды қолдану; емтихан билеті сұрақтары бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 3-4 ережелерін талдау.	Курстың заңдылықтары мен принциптерінің үстіртін негіздемесі, оқу бағдарламасына сәйкес материалдың негізгі көлемін және жетекші сұрақтардың талабымен әлсіз қолдану; оны өз бетінше орындауда қиындықтар туындауы.	Курстың әдістері мен технологияларын қолданудың негізділігі мен талдауының болмауы, репродуктивті сипаттағы сұрақтарға жауап беру кезінде қиындықтың көрінісі.	Мысалдар келтірген кезде курс әдістерін қолдану қабілетінің болмауы; Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.